



7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# МИКРОЭКОНОМИКА

Ұсыныс заңы және өзгеру  
факторлары





Егер кәсіпорын тауарды немесе қызметті ұсынса, демек фирма:

1. Оны өндіруге қажет ресурстар мен технологиялар бар;
2. Өндіруден пайда ала алады;
3. Оны өндіруді немесе сатуды жоспарлайды.

**Ресурстар мен технологиялар** өндірістің мүмкіндігін анықтайды. Ұсыныс өндірушінің қандай өнім немесе қызмет технологиялық жетістіктерге қол жеткізуі туралы шешімін көрсетеді.

Ұсыныс-бұл жай ғана ресурстар мен бір нәрсені өндіру технологиясы емес. Ресурс пен технологиялар мүмкіндіктерді шектейтін шектеулер болып табылады. Ұсынысты біз S (supply) деп белгілейміз.

Көптеген пайдалы заттарды өндіруге болады, бірақ бұл тиімді емес болса, олар өндірілмейді, ресурстар мен технологиялар өндірістің мүмкіндігін анықтайды. Ұсыныс технологиялық мүмкіндіктері бар өнімдерді өндіру туралы шешімді көрсетеді.

Тауар немесе қызметтердің ұсыныс көлемі - бұл белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір баға бойынша сатуды жоспарлап отырған сома.

Ұсыныс заңы: басқа факторлар тұрақты жағдайда, тауардың бағасы жоғары болса, тауар ұсынысының шамасы соғұрлым көп болады, ал егер тауардың бағасы төмен болса, тауардың ұсынысы аз болып келеді.

Неге тауардың жоғары бағасы осы тауардың ұсынысының артуына әкеледі?

Себебі – тауар өндірісіне кететін шекті шығындар өседі.

Өнім өндіру көлемінің ұлғаюымен өндіріске шекті шығындар өседі. Баға шекті шығындарды жаппаса ондай тауарды өндіруге болмайды, өйткені үлкен шығынға батырады. Өндірушілер неғұрлым жоғары шекті шығындарды көтеруге дайын болады сондықтан олар өндірісті ұлғайтады. Жоғары баға ұсыныстың көлемінің өсуіне әкеледі ал қазір ұсыныс заңын ұсыныс қисығы мен графигі арқылы бейнелейік.


Микроэкономикадағы екінші маңызды қисықтың бірі бұл ұсыныс қисығы. Ұсыныс қисығы ұсыныс заңын суреттейді - тауар бағасы мен өнім өндіру көлемі арасында тура байланыс бар. Неғұрлым тауар бағасы жоғары болса, ол тауарды өндіруге деген ұсыныс жоғары болады, ал егер тауар бағасы неғұрлым төмен болса оған деген ұсыныс та төмендейді.

Ұсыныс қисығы белгілі бір уақыт аралығында әр түрлі бағамен сатушылардың сатуға дайын игіліктер көлемін көрсететін қисық. Графикте ұсыныс көлемі мен тауардың бағасы арасындағы тура байланысты анық көруге болады. Ұсыныстың ең төменгі бағасы - қисығы деп те аталады. Көлемнің ұлғаюына байланысты шекті шығындар да арта түседі өндірілген әрбір қосымша бірлігі де арта түседі бұл минималды баға шекті шығындар деп аталады.

Суретте жоғары энергиялық өнімнің ұсыныс қисығы көрсетілген.

Бірдей жағдайда бағалардың артуы, ұсыныстардың санын көбейтуге мүмкіндік береді.

	Price (dollars per bar)	Quantity supplied (millions of bars per week)
A	0.50	0
B	1.00	6
C	1.50	10
D	2.00	13
E	2.50	15



## Ұсыныстың ең төменгі бағасы

Сонымен қатар, ұсыныс қисығы - Ұсыныстың ең төменгі бағасы қисығы деп те аталады.

Мөлшерінің ұлғаюына байланысты шекті шығындар да арта түседі.

Өндірілген әрбір қосымша бірліктің ең төменгі бағасы да арта түседі.

Бұл минималды баға шекті шығындар деп аталады

Осы өнімнің бағасы неғұрлым жоғары болса, өндірушілердің саны белгілі бір уақыт ішінде ұлғаяды, себебі жоғары пайда алып келетін тауарды бәрі сатқысы келеді, қалғандары өзгеріссіз қалады.



Өндірушілер өнімді өндірудің шекті шығындарын жаба алатын болса ғана тауарларды нарыққа жеткізеді.


Ұсыныстың өзгеруін қарастырсақ.

Ұсыныс қисығында екі өзгеріс болады:


Ұсыныстар көлемінің өзгеруі: бұл бағалық фактордың өзгерісіне байланысты. Көлем  $Q_s$  артады немесе кемиді.

Ұсыныстың өзгеруі:  $S$  қисығы оңға немесе солға жылжиды

Ұсыныс қисығы бойынша қозғалыс былай болады.



Тауардың бағасы өзгерген кезде барлық басқа жағдайлар бірдей болғанда, ұсыныс көлемі өзгереді және ұсыныс қисығы бойынша да жылжиды. Мысалы, жанармайға бағаның өсуі таксидің шығанын жоғарылатады, нәтижесінде бұл такси иелерінің өз қызметін ұсынуын төмендетеді. Тағы бір мысал, жүгеріге деген бағаның жоғарылауы фермердің нарықта бидайды ұсынуын азайтады. Өйткені, олар жер бөлігінің көбіне жүгері егіп, аз бөлігіне бидай егуге тырысады.



Ұсыныс қисығының жылжуын сипаттайтын болсақ.

Сату жоспарына әсер ететін тауар бағасынан басқа кез келген фактор өзгерісі бұл ұсыныстың өзінің өзгерісі болып табылады. Әрине, бағадан басқа ұсыныс көлеміне әсер ететін басқа да факторлар бар. Оған жататындар - еңбектің (жұмыс күшінің) бағасы, тауарды өндіруге қажетті материалдар мен шикізаттардың бағасы, қолданылатын технология түрі, тура сондай ресурстардың көмегімен өндірілген ұқсас тауарлардың бағасы және нарықтағы сатушылардың саны.

Ұсынысқа әсер ететін әртүрлі факторлардың өзгеруінен сол ұсыныс көлемінің өзгеру сипатын бейнелейтін тәуелділік және ол мынадай формуламен беріледі:

$$Q_s = f(P, P_r, K, T, N, B)$$

мұндағы,

$P_r$  — ресурстардың бағалары;





- К — технология;
- Т — салықтар мен субсидиялар;
- N — сатушылардың саны;
- В — басқа да факторлар.

Ұсынысқа әсер ететін негізгі алты факторға тоқталайық.



1. Тауарларды өндіру кезінде пайдаланалытын ресурстардың бағасы, егер ресурстардың бағасы көтерілсе ұсыныс азаяды және ұсыныс қисығы солға ауысады және керісінше пайдаланалытын ресурстардың бағасы төмендесе ұсыныс азаяды және ұсыныс қисығы оңға ауысады; Мысалы, егер мұнайдың бағасы көтерілсе, онда мұнайдан жасалған парфюмерия ұсынысы азаяды. Сол сияқты

2. Алмастырушы немесе толықтырушы өнімнің салыстырмалы бағасы; Өндірістегі «бәсекеге қабілетті немесе алмастырғыш» тауарларды өндіру (фермер картопты немесе сәбізді өсіруі мүмкін); Нарықта қай өнімнің бағасы жоғары болып, қайсы өнімге сұраныс артса сол өнімді фермер ұсынуға тырысатын болады. Айталық сәбіздің бағасы жоғары болса, онда фермер картопты аз гектар жерге отырғызып, көп бөлігіне сәбіз отырғызады. Себебі ол өнімнің бағасы жоғары болғандықтан жоғары табыстылыққа қол жеткізу мақсатында сәбізді көп өндіруге ынталы болады. Бұл жерде сәбіз бен картоп бір-бірін алмастырушы тауарлар.



немесе  $P_K \uparrow$   $S_c \uparrow$   
 $P_K$   $S_c$

Берілген өнімді өндірісте толықтыратын тауарларды өндіру (табиғи газды мұнаймен бірге өндіруге болады) Төмендегі суретте бір – бірін толықтырушы тауарлар келтірілген.



немесе  $P_M \uparrow$   $S_G \uparrow$   
 $P_M$   $S_G$


3. Күтілетін болашақ бағалар, болашақта өндірілетін тауарлар бағасы көтерілсе онда осы тауарды өндіру көлемі төмендейді, ал ұсыныс қисығы солға жылжиды;



4. Өндірушілер санының өзгеруі, егер өндірушілер саны арта берсе онда ұсыныс артып, ұсыныс қисығы оңға жылжиды;

5. Технологияның өзгерісі, өндірістік технологияларды жетілдіру жаңа өнімдерді жасап, бар өнімдердің өндірістік шығындарын азайтады, сондықтан технологиялар ұсынысты арттыралы, ұсыныс қисығы оңға жылжиды; Жоғары энергиялық өнімді шығару туралы біздің мысалға оралайық. Технологияны жетілдіру жоғары энергиялы өнімнің ұсынысын арттырады және ұсыныс қисығы оңға жылжиды. Жақсартылған технология ұсыныстың артуына әкеледі, ал S қисығы оңға жылжиды. Немесе көне технологияның салдарынан кері солға қарай жылжуы мүмкін.

Original supply schedule Old technology			New supply schedule New technology		
	Price (dollars per bar)	Quantity supplied (millions of bars per week)		Price (dollars per bar)	Quantity supplied (millions of bars per week)
A	0.50	0	A'	0.50	7
B	1.00	6	B'	1.00	15
C	1.50	10	C'	1.50	20
D	2.00	13	D'	2.00	25
E	2.50	15	E'	2.50	27



Мысалы, ет өңдейтін технологияның жақсаруы шұжықтың әрбір кг-ын өндірудегі шығынды төмендетеді. Бірдей ресурстардың көмегімен өндіруге болатын тауардың бағасы өзгеруінің ұсынысы, талданатын тауар өндірісінің балама (альтернативті) құнына әсер етеді.

6. Мемлекеттік реттеу және қоршаған ортаның өзгерістері; қоршаған ортаның жағдайы өндіріске әсер етуі мүмкін барлық табиғи күштерді қамтиды, мысалы, ауа райы жағдайлары. Табиғи апаттар ұсынысты азайтады, ал ұсыныс қисығы солға жылжиды. Ауа-райы қолайлы климат ұсынысты арттырып, ұсыныс қисығы оңға жылжиды. Мемлекеттік реттеу мысалы салықтың көтерілуі ұсынысты азайтады. Ұсыныс қисығы солға жылжиды. Сондай-ақ керісінше, шағын және орта бизнеске мемлекеттік субсидиялар ұсынысты арттырады және ұсыныс қисығы оңға қарай жылжиды.